

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы "Алматы облысының туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 92 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 368 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37 – бабына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы "Алматы облысының туризм басқармасы мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 92 "Алматы облысының туризм басқармасының Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылдың 26 наурызында № 3108 тіркелген , 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 39 "Жетісу", 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 39 "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Алматы облысының туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бір апталық мерзімде:

1) Алматы облысының әділет органдарына осы қаулының қабылданғаны туралы хабарласын;

2) осы қаулыны ресми баспа басылымдарында жариялау бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Тұрдалиевке жүктелсін.

Облыс әкімі

А. Баталов